

«Ақсана» бөбекжай-балабақшасы»ЖШС



Бекітемін:  
«Ақсана» бөбекжай-  
балабақшасының менгерушісі:  
Д.А.Темирова.

**Психологиялық қызметтің 2021-2022 оқу жылына  
арналған жылдық жұмыс жоспары**

**Психолог : Г.Айгабылова**

**2021-2022ж**

### 3.. Педагог-психологтың жұмыс жоспары

**Психолог қызметінің негізгі бағыттары:** Балалар психологиялық деңсаулығын, жеке тұлғаның дамуын есепке алып, әр баланың психологиялық және эмоционалды саулығына жағдай жасау. Тәрбиешілердің жан саулығын сақтауын және олардың кәсіби жетістікке жетуіне мүмкіндік жасау. Педагогтардың шығармашылық және потенциялын ашуға және оны дамытуға көмек беру негізінде жүйелі түрде шығармашылық пен ойлаудың дамыту. Педагогтың және ата-аналардың қарым-қатынасын жақсарту, психологиялық-педагогикалық біліктілік дағдыларын қалыптастыру.

1. Психологиялық ағарту.
2. Кеңес беру.
3. Психологиялық диагностика (балалар, педагогтар, ата-аналар).
4. Тұзету-дамыту жұмыстары
5. Психологиялық алдын алу
6. Әдістемелік үйымдастыру жұмыстары (семинар, дөңгелек үстел, ашық сабак, пікір талас т.б.)

#### Жоспарланған нәтижелер:

1. Мүмкін болатын түрлі кедергілерді болдырмау, яғни бала дамуындағы табиғи механизмдерді сақтау.
2. Жаңа шығармашылық ресурстарды ұдайы айқындау арқылы балалардың жеке қасиеттерін дамыту.

Педагогтардың қарым-қатынас жасау біліктілігін, психологиялық, педагогикалық дағдысын жетілдіру.

**Мақсаты:** Мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтік ортадағы мінез-құлық пен қатынасқа қабілетті, шығармашылыққа бейімделген жеке тұлғаны тәрбиелеу.

#### Міндеттері:

- Үйымдастырылған оқу іс-әрекетінде балалардың жеке белсенділігін дамыту;
- Оқу іс-әрекеттен тыс уақытта балалардың арасындағы қарым-қатынастың диалогтық типіне ықпал ету;
- Ата-аналар мен тәрбиешілердің ынтымақтастықта болуына жағдай жасау.

№	Іс-шаралар	Жүргізілетін мерзімі	
		Балалармен жұмыс	Диагностика
Тәрбиешілермен жұмыс			
1	Жаңадан келген балалармен жұмыс	жыл бойы	
2	Ортаңғы топтағы балалардың интеллектуалды дамуы.	қыркүйек, қазан	
3	Өзара қарым-қатынас, тұлғааралық қатынасты дамытуға арналған жаттығулар	қыркүйек, желтоқсан	
4	«Салауатты өмір салты» тақырыбында ересектер тобына баяндама	қыркүйек, желтоқсан	
5	Өз көңіл-күйін ашық көрсетуге үйрету мақсатында ортаңғы топ балаларына «көлбака» тренингін жүргізу	қараша, сәуір	
6	Ересектер тобындағы балалардың психикалық даму деңгейі	қазан	
Тәрбиешілермен жұмыс			
1	Психологиялық кеңес: «Баланың жеке бас даму траекториясын құру әдісі»	қараша	
2	Мінез-құлқы қыын және үлгермейтін балалардың тұлғалық ерекшеліктері мен ықпал ететін себептері	ақпан	
3	«Менің мамандығым» тақырыбында сауалнама алу	қыркүйек	
4	Ұжымның бірлесіп жұмыс атқаруына, ұжым арасындағы жағымды қарым-қатынасты орнатуға арналған тренинг, жаттығулар жүргізу	екі аптада бір рет	
5	Тәрбиешілермен бірлесе отырып қыын балаларға түзету-дамыту жұмыстарын жүргізу	уақытылы	
6	Түрлі тақырыпталда баяндамалар оқу	дер кезінде	
7	Тәрбиешілерге жеке кеңес беру	жыл бойы сұраныс бойынша	

### Ата-аналармен жұмыс

1	Ата-аналардан «баланы ақылды етіп тәрбиелеу тәсілі» тақырыбында саулнама алу	сөүір
2	Ата-аналарға әрналған саулнама «Сіз қандай ата- анасыз?»	қазан
3	Ата-аналар жиналысында сөз сөйлеу	қажеттілігіне қарай
4	Ата-аналарға кеңес беру, ағарту жұмыстары	жыл бойы
5	Жеке тұлғалық, әлеуметтік және эмоционалдық дамуында қыындықтары бар балалардың ата-анасына жеке кеңес беру	жыл бойы
6	Эмоционалдық сфераны дамыту, оны реттеу жөнінде ата-аналарға кеңес беру	жыл бойы сұраныс бойынша

### Психолог құжаттарын рәсімдеу жұмысы

1	Мінез-құлығында қалыптан тыс әрекеттері байқалған балаларды сараптап жеке даму траекториясын түзу	наурыз
2	Корекциялау жұмысымен қамтылған балалардың карточкаларын қорыту, даму мониторингін жүргізу	наурыз-мамыр
3	Педагогикалық жиналыстарға ақпараттар дайындау	дер кезінде

## Ата-аналарға арналған тест

«Сіз және балаңыз бір-біріңізді түсіне аласыздар ма?»

Балаңызда қыындықтар кездессе немесе ғашық болып қалғанда бұл жағдайда сіз қалай байқадыңыз?

- a) Ол өзі маған бұл туралы айтты.
- ә) Ол бұл туралы басқа жақын адамға хабарлады.
- б) Мен ана болғандықтан бұны өзім сездім.
- в) Бұл туралы кездейсоқ біліп қалдым

Сіздің балаңыздың досы Сізді:

- a) Екінші анасы сияқты сезінеді.
- ә) Сіз кіргенде үндемей қалады немесе әңгімені басқа арнаға бұрып жібереді.
- б) Құрметпен, бірақ салқын қарайды.
- в) Құрметпен және сүйіспеншілікпен қарайды.

Әдетте достарымен жиналатын орындарға балаңыз сізді шақыра ма?

- a) Кейде
- ә) Жоқ, ешқашан.
- б) Шақырды, бірақ мен келіспедім.
- в) Олардың жиналатын орны маған ұнамайды.

Көптеген ата-аналар балаларды олардың заттарын тұтына (пайдалана) алатындығы жайлы шағымданады. Ал Сіздің жағдайыңызда:

- a) Бұлай болмайды, себебі бұл заттар сәннен шығып қалған.
- ә) Бұлай болмайды, себебі оған шақ келмейді.
- б) мен әркез өз заттарымды оның шкафынан іздеуіме тура келеді

Сіз балаңыздың телехабарлардың біріне қызығушылығын байқап қалдыңыз, Сіз:

- a) Оған қызық нәрсенің мен үшін қызығы жоқ.

- ә) Балаңыздан саған бұл хабар үнай ма?» деп сұрайсыз.
- б) Ол бұл хабар жөнінде бір нәрсе айттар деп үміттенемін.
- в) Біраз уақыт мазмұнының егжей-тегжейін ұғуға тырысамын, ал содан кейін онымен бірге талқылаймын.
6. Сіз балаңыз дүниеге келгеннен бері бірнеше рет былай дедіңіз: «біздің кезімізде бұлай болмаған» :
- а) 1 немесе 2 рет, бірақ мен бәрі-бір өзгеретінін мойындаймын.
  - ә) Қаншама рет айтқаным тіпті есімде жоқ.
  - б) Аз ғана, қайталай бергеннен ештеңеге жете алмаймын.
  - в) мен бұлай айтқан жоқпын.

Тесттің қорытындысы:

4-6 рет «а» жауабы болса – ешбір күдіксіз Сіз жақсы ата-анасыз. Сіз сүйіспеншілік пен құрметтеу бірін-бірі өте жақсы толықтырады деп санайтын адамдардың қатарына жатасыз.

3 немесе одан аз «а» жауабы – өз балаңызben тығыз қарым-қатанас орнатуыңыз қажет. Оның қызығушылығы, достары жөнінде көбірек білуге тырысыңыз.

### Күрметті ата-аналар!

Бала тәрбиесі - ата-ана үшін күрделі де жауапты міндет. Жас шыбық иілгіш болса, жас адамда сондай жақсыға да, жаманға да бірдей бейім болатыны баршамызға мәлім. Сізге ұсынылып отырған көмекші құралда ата-аналармен жұмыс жүйесі көрсетілген. Ата - аналардың міндеті, ақыл-кеңестер, саул намалар, сұрақ-жауаптар, тесттер ұсынылды. Қазақта «Баланың бас ұстазы - ата-анасы» деген сөз бар. Жас кезінде дұрыс тәрбие алмаса есейе келе тәртібі қындалап, оқу үлгерімі нашарлап кетеді. Мұндай жағдайларда «не істеу керек» деген ой туады. Әрине, ата-аналар балаларының оқу - үлгеріміне күнделікті назар аударып, оны қадағалап отыруы қажет. Тәрбие ешқандай үзіліс, демалыс күндер дегенді білмейді. «Ұлды тәрбиелеп отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қызды тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз» деп тұжырымдаған.